

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек
(Абай)

Ұлт – тірі ағза. Қоғам дамыған сайын ұлт та толысып, дамып, кемелденіп отыратыны да заңдылық. Кез келген ақылды азаматтың мойындайтын тәлімді түйіні. Осы түйінді тірек қылған кім-кімде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүрегінен өткізіп, жүзеге асырылуына атсалысу қажет. Ұлт руханиятының ұлы шырақшысы, дана Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген ойының астарында үлкен ой жатыр. Әрине дүниеден өз орнын табатын жастың бойына ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды жас күнінен сіңіруге міндетіміз. Отбасында ата-ана, мектепте мұғалім, кез келген ортадағы аға-апалар баланың жан-жақты толысуына бағыт көрсетіп, жол сілтеуі тиіс. Баласағұнның «Құтты білік» дастанында: «Мақсатыма жетемін бек деменіз, ізгіліктен жасалмаса көменіз» деген ойының өзінен-ақ, рухани кемелденудің бір жағы жан-жағыңа ізгілік нұрын шашып ғибратты ғұмыр көшу ме дейсің.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ОЙ-санааның кемелденуі

Бабаларымыз дүние байлығынан да рухани байлықты алға қойған. «Жаратқаным бала бер, бала берсең сана бер, Болмаса оны ала бер» деген тоқтамының өзінде не деген көрегендік пен батылдық менмұндалайды. Қаншама жандүниеңді еріксіз байлап алатын жырдастандар, мақал-мәтелдер, әңкүйлер ұлтымыздың рухани байлығы мен сарқылмас інжу-маржандары. Ондай байлықты игеріп отырған ғаламда жұрт некен-саяқ. Сондай ұлттың өкілдері болғасын ба, қай салада болсын жетістікке жетіп жатқан жалынды жастарды көп кезіктіруге болады. Өнердегі, мәдениеттегі, спорттағы, кәсіптегі жетістікке жеткен жандардың бойынан қазақтың тектілігі, бабаларымыздың баһадүрлігі, данышпандығы мен мәрттігі, жомарттығы мен шешендігі

сияқты тамаша қасиеттері көрінеді. Қазақтың салт-дәстүрлері мен ырымдарының өзінде ұлттық болмысымыздың қанық бояулары мен ұлттық таным-түсініктеріміз жатыр. Бұл — қасиетті ұлттық кодымыз.

Қазақ зиялыларының барлығының ойында ұлттың рухани кемелденуіне негіз болатын дүние қалдыру мақсаты тұрды. Және олар сол мақсатқа жетті де. Ұлттың ұлық болуы сол ұлттың ішінен шығатын ұлы тұлғаларға да байланысты.

Өткенсіз бүгін жоқ. Бүгінсіз ертең жоқ. Осы алтын арқауды берік ұстап, ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, келешекке көш түзеген алаш жұрты үздік отыз елдің қатарынан табылуға мүмкіндік те, оған жеткізетін қажыр-қайрат та табылары сөзсіз.

Алла мың өліп, мың тірілген, азат күнін аялаған, тізгін ұстар тұлғаларын

құрметтеген алаш жұртын сол күнге жеткізсін! Сөз соңын мына өлең шумақтарымен аяқтауды жөн көрдім.

Айтар ойдың келер болсақ мәніне,
Тұлғаларын отырғызып төріне,
Барлық қазақ кемелдікке ұмтылып,
Рухани дами түсер әлі де.

Еліменен жетері анық ер баққа,
Даналарын алар уақыт таңдап та.
Біздің қазақ ой-санасын
жаңғыртып,
Ұмтылады «Мәңгілік ел» болмаққа!

**М. С. Байдабекова,
Г. Т. Мамбетова,
А. Ж. Мерекеева.**

**М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың
«Техникалық мамандықтар
бойынша шет тілдер»
кафедрасының
аға оқытушылары**